

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 7 хаттамасына №_19 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «03» мамырдағы
№ 7 шешіммен бекітілген

**«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының
Облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін сақтандыру қағидалары**
(2026 жылғы «23» сәуірдегі жағдай бойынша № 2 өзгерістер мен толықтырумен)

Астана қ., 2024 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру және кепілдік департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІЖҚ-мен таныстыру бойынша іс-шаралар	ІНҚ «Ішкі портал» желілік дискісіне орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу
Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар:	
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы шешіміне (№03 хаттама) сәйкес № 1 өзгерістер мен толықтыру енгізілді	2025 жылғы «28» ақпандағы № 03
«Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» АҚ Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі шешіміне (№ 06 хаттама) сәйкес № 2 өзгерістер мен толықтыруларымен	2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	4
2-тарау. Сақтандыру объектісі	6
3-тарау. Сақтандыру жағдайлары	6
4-тарау. Сақтандыру оқиғаларынан болдырмау және сақтандыруды шектеу	7
5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	8
6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	9
7-тарау. Сақтандыру сомасының мөлшерін айқындау тәртібі 10	
8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы 10	
9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	10
10-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	13
11-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының іс-әрекеті	13
12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	14
13-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	14
14-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім	16
15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	16
16-тарау. Суброгация	17
17-тарау. Қосымша шарттар	17
18-тарау. Дауларды шешу тәртібі	17

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Сақтандырушы) жарғысына сәйкес әзірленді.

2. Сақтандырушы осы Қағидалардың негізінде шығарылған облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты) жасасады.

3. Сақтандыру қорғанысы оларға қатысты қолдау Сақтандырушының Жарғысына сай Сақтандырушының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылатын жобалар бойынша эмитент-экспорттаушылардың осы облигацияларды өтеу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауы бойынша облигацияларды ұстаушыларға ұсынылады.

4. Осы Қағидаларға сәйкес Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы Сақтандыру шартында келісілген Сақтандыру жағдайы басталған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтанушы Сақтандыру сомасы шегінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікте болуға тиіс пайда алушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5. Осы Қағидалардың мақсаты облигацияларды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті, атап айтқанда осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген жағдайлардың басталу тәуекелдерінен сақтандырудың негізгі шарттарын айқындау болып табылады.

6. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **Шартсыз франшиза** - Сақтандыру шартында белгіленген, сақтандыру төлемінен шегерілетін сома. Шартсыз франшиза Сақтандыру сомасына пайызбен не абсолюттік мөлшерде белгіленеді;

2) **Бұғаттау** - бағалы қағаздардың сақталуына кепілдік беру мақсатында жүзеге асырылатын бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде және номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге уақытша тыйым салу;

Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

3) **Пайда алушы** - Сақтандырылған және Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін алушы болып табылатын облигацияларды ұстаушы;

4) **Дербес шоттан үзінді**- орталық депозитарий, тіркеуші немесе номиналды ұстаушы беретін және белгілі бір уақытқа қаржы құралдары бойынша тіркелген тұлғаның құқықтарын растайтын бағалы қағаз болып табылмайтын құжат;

5) **Эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару** - эмитенттің азаматтық құқықтар объектісі ретінде эмиссиялық бағалы қағаздардың пайда болуына бағытталған іс-әрекеттері немесе орналастырылуы, айналысы және өтелуі осы эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатын белгілі бір бағалы қағаздардың жиынтығы;

6) **Облигацияларды ұстаушы** - бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген, облигациялар бойынша құқықтарды иеленетін заңды тұлға;

7) **Дефолт** - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау;

8) **Шетелдік контрагент** - Сатып алушы, Тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және экспорттаушымен келісім-шарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы;

9) **Келісімшарт**- экспорттаушы мен шетелдік контрагент арасындағы қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің экспортына арналған жазбаша келісім;

10) **Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды)** – орталық депозитарий бағалы қағаздарға және басқа қаржы құралдарына оларды сәйкестендіру және есепке алуды жүйелеу мақсатында беретін әріптік-цифрлық код;

11) **Облигацияның номиналды құны** - облигация шығарған кезде айқындалған, купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін, сондай-ақ облигацияны өтеген кезде оны ұстаушыға төленуге тиісті сома құнының ақшалай көрінісі;

13) **Облигация** - шығару кезінде айналыс мерзімі алдын ала белгіленген, шығарылым шарттарына сәйкес облигацияны шығарған тұлғадан ол бойынша сыйақы және оның айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін облигацияның ақшалай немесе өзге де мүліктік баламадағы номиналды құнын алу құқығын куәландыратын бағалы қағаз;

14) **Айналыс** - бағалы қағаздардың қайталама рыногында бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасау;

15) **Күту кезеңі** - сақтандыру жағдайы басталған деп есептелетін мерзім өткеннен кейін Сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі. Күту кезеңі Сақтандырушы Пайда алушыдан Сақтандыру жағдайы туралы хабарлама алғаннан кейін келесі күні басталады;

16) **Төлем агенті** - банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

17) **Облигацияларды өтеу** - облигацияларды шығару проспектісінде белгіленген тәртіппен сыйақыны және облигацияның номиналды құнын (кейіннен сату мақсатынсыз) төлеу немесе оны осы эмитенттің акциясына (акцияларына) айырбастау арқылы орналастырылған облигацияларды айналыстан алып қою жөніндегі эмитенттің іс-әрекеті;

18) **Облигацияларды ұстаушылардың өкілі** - облигациялардың қайталама бағалы қағаздар нарығында айналымы, облигациялар бойынша сыйақы төлеу және оларды өтеу процесінде эмитентпен жасалған шарт негізінде облигацияларды ұстаушылардың мүддесінде әрекет ететін ұйым;

19) **Проспект**- эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісі, яғни эмитент, оның қаржылық жай-күйі, сатуға болжанатын облигациялар, шығарылым көлемі, шығарылымдағы бағалы қағаздардың саны, оларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сыйақы төлеу, өтеу рәсімі мен тәртібі туралы мәліметтерді және инвестордың бағалы қағаздарды сатып алу туралы шешіміне әсер етуі мүмкін басқа да ақпаратты қамтитын құжат;

20) **Орналастыру**- бағалы қағаздардың бастапқы нарығында облигацияларды сату;

21) **Сақтанушы** - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан, облигациялардың эмитенті ретінде әрекет ететін экспорттаушы;

Қағидалардың 6-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес 21-1) тармақшамен толықтырылды

21-1) **Сақтандыру қорғанысы** - Сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру шартында айқындалған өзге де оқиға сақтандыру төлемі арқылы басталған кезде пайда алушының заңды мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешені;

22) Қағидалардың 6-тармағының 22) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы "28" ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес алынып тасталды;

23) **Сақтандыру сыйлықақысы**- сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген талаптар мен мөлшерде сақтанушыға сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін Пайда алушыға төлеуге міндетті қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

24) **Сақтандыру сомасы**- сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы. Сақтандыру валютасының түрі сақтандыру шартында айқындалады;

25) **Сақтандыру төлемі** - шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақша сомасы;

26) **Сақтандыру жағдайы** - басталған кезде Сақтандыру шарты Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

27) **Сақтандыру оқиғасы** - нәтижесінде сақтанушының мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

28) *Қағидалардың 6-тармағының 28) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес алынып тасталды;*

29) **Сақтандырушының уәкілетті органы** - келіп түскен өтініштер бойынша сақтандыруды қорғауды ұсынуға қатысты шешімдер қабылдайтын Сақтандырушының ішкі алқалы органы;

30) **Залал** - Пайда алушының Сақтанушы облигация бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты туындайтын залалы. Залал анықтамасына Сақтанушының Пайда алушының алдындағы мынадай: жіберіп алынған пайданы; тұрақсыздық айыптарын, айыппұлдарды, өсімпұлдарды; комиссияларды және жүзеге асырылған экспорттық жеткізілім сомасын төлеу болып табылмайтын ақшалай төлем сипаты бар өзге де ұқсас төлемдерді; моральдық залалды; Проспект бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алу үшін сот шығындарын, оның ішінде сот органдарына жүгінуге байланысты сот шығындарын; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген шығындарды өтеу (төлеу) бойынша берешегінің пайда болуы кірмейді;

31) **Экспорттаушы**-қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

32) **Эмитент** - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын экспорттаушы.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар, егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағиданың мәтіні бойынша жалғыз немесе көпше түрде, бас немесе кіші әріппен жазылғанына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

2-тарау. Сақтандыру объектісі

7. Сақтандыру объектісі проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, эмитенті Сақтанушы болып табылатын облигацияларды өтеу есебіне пайда алушыға төлем жасауды Сақтанушының тікелей міндеттемесін көздейтін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің туындауына байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері болып табылады.

8. Экспорттық қызметті жүзеге асыру үшін капитал тарту мақсатында облигациялар шығаруға бастамашылық жасайтын экспорттаушы сақтанушы болып табылады.

9. Сақтандыру шарты бойынша олардың алдында Сақтанушы облигацияларды өтеу міндеттемесін мойнына алатын Пайда алушылар облигацияларды ұстаушылар болып табылады,

3-тарау. Сақтандыру жағдайлары

10. Осы Қағидалардың талаптары бойынша сақтандыру жағдайы Сақтанушының өзі шығарған облигацияларды уақтылы өтемегені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің туындау фактісі, атап айтқанда пайда алушыға облигациялардың проспектісінде белгіленген тәртіппен облигациялардың номиналды құнын уақтылы төлемеу болып табылады.

11. Саяси сипаттағы Сақтандыру оқиғалары:

1) облигацияларды өтеу бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жерлердегі соғыс, азаматтық толқу, жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;

2) еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлемді аударуды

шектейтін немесе тыйым салатын мемлекеттік органның күтпеген әрекеті.

12. Коммерциялық сипаттағы Сақтандыру оқиғалары:

1) Сақтанушының облигацияларды өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындамауы / тиісінше орындамауы;

2) Сақтанушының банкроттығы.

13. Осы тарауда және Сақтандыру шартында айқындалған және Пайда алушыға Залал келтірген бір немесе бірнеше сақтандыру оқиғаларының басталу фактісі Сақтандыру жағдайы болып табылады.

14. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиға төменде аталған барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның басталуы нәтижесіндегі залалдың мөлшеріне қатысты болжамсыздық;

3) оқиға сөзсіз және объективті түрде Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде, бұл туралы оның тараптары немесе, кем дегенде, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, болуы тиіс деген қауіптің болмауы;

4) оқиғаның басталуында Сақтанушының мүлктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарлар бар;

5) оқиғаның басталуы Сақтанушының ерік білдіруімен және (немесе) ниетімен байланысты емес және пайда табу және (немесе) ұтысты (алыпсатарлық тәуекел) алу мақсатын көздемейді.

4-тарау. Сақтандыру оқиғаларынан болдырмау және сақтандыруды шектеу

15. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың әсері нәтижесінде туындаған залалдар сақтандыру қорғанысымен өтелмейді, сондай-ақ сақтандыру қорғанысы шарт жасалған сәтке дейін туындаған оқиғаларға қолданылмайды.

16. Егер осы Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы мыналар үшін жауапты болмайды:

1) Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын не Сақтандыру шартында көзделмеген шығындарды өтеу туралы кез келген талаптар;

2) Мыналардан:

- кез келген ядролық отыннан немесе кез келген ядролық қалдықтардан ластанудан немесе радиоактивтіліктен немесе ядролық отынды жағу нәтижесінде иондаушы сәулеленулермен;

- кез келген ядролық қондырғының, реактордың немесе оларды ядролық құрастырудың, сондай-ақ ядролық компоненттің радиоактивті, уытты, жарылыс қаупі бар немесе басқа да қауіпті немесе ластаушы қасиеттерімен;

- атомдық немесе ядролық реакцияны және/немесе синтезді, сондай-ақ басқа да ұқсас реакцияларды, радиоактивті күш немесе заттарды пайдалана отырып, кез келген әскери қарумен;

- радиоактивті, уытты, жарылғыш қаупі бар немесе басқа қауіпті немесе ластаушы қасиеттері бар кез келген радиоактивті заттармен байланысты, осы аталғандардың салдарынан туындаған немесе осыларға қатысты Залалдар немесе шығындар. Бұл тармақша ядролық отыннан басқа, егер мұндай изотоптар коммерциялық, ауыл шаруашылығы, медициналық, ғылыми немесе басқа да осындай бейбіт мақсаттарда дайындалса, тасымалданса, сақталады немесе пайдаланылса, радиоактивті изотоптарға қолданылмайды;

- кез келген химиялық, биологиялық, биохимиялық немесе электромагниттік қарудың әсері;

3) қосымша шығындар мен шығыстарды төлеу (пайда алушының айып төлеу,

айыппұл, өсімпұл, сот және өзге де шығыстары);

4) мына бес елдің: Қытай Халық Республикасы, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі, Француз Республикасы кез келгендерінің арасындағы соғыс (дұшпандық өршуіне дейін немесе одан кейін басталған әскери іс-қимылдар) нәтижесінде (салдарынан) туындаған кез келген Залал;
Қағидалар 15-бабының 5) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалған

5) Купондық сыйақы бойынша төлемеу нәтижесінде пайда болған шығын.
Қағидалар Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес 16-1-тармағымен толықтырылды

16–1. Сақтандырушының Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуының негізі, осы Ережелерде көрсетілген басқа негіздерден басқа, Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының жағдайларын тергеуге және келтірілген Зиян мөлшерін анықтауға кедергі жасау болуы мүмкін.

17. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге де ерекшеліктер, сақтандыру төлемінен босату және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.
Қағидалар 18-бабы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалған

18. Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан санкциялар, тыйымдар және өзге де шектеулер қойылғанға дейін жасалған қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді орындауды аяқтауға рұқсат алу жағдайларын қоспағанда, егер қандай да бір бөлігінде сақтандыру қорғанысы, сақтандыру төлемі сақтандырушы үшін не оның органы үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің қарарларына не Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдарына немесе қаулыларына сәйкес сауда немесе экономикалық санкцияларға сәйкес санкциялар, тыйым салулар не шектеулер әкеп соғатын болса, сақтандырушы сақтандыру қорғанысын бермейді, сондай-ақ сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындамайды.

Қағидалар 19-бабы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалған

19. Сақтандырушы сақтандыру төлемін немесе сақтандыру сыйақысын келісімді уақытынан бұрын тоқтатқан жағдайда қайтарудан бас тартуға құқылы, егер сақтандыру келісімінің сақтанушы тарапынан қылмыс жолымен алынған кірістерді заңдастыруға (жууға) немесе терроризмді қаржыландыруға және жаппай қирау қаруын таратуға пайдалану туралы күдік туса, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

20. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

21. Сақтандыру шарты үш тарап арасында жасалады: сақтандырушы, сақтанушы және пайда алушылар атынан шартқа қол қоятын облигация ұстаушылардың өкілі. Сақтандыру шарты сақтандыру шарты тараптарының әрқайсысының бір-бір данасынан үш данада жасалады.

22. Сақтандыру шарттары Тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасала алады.

Қағидалар 23-бабы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес баяндалған

23. Осы Ережелерде көрсетілген сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етуге арналған өтінішпен бірге, Сақтандырылған тұлға Сақтандырушыға клиенттік анкета мен Сақтандырушы бекіткен құжаттар тізімін табыс етуі тиіс. Клиенттік анкета Сақтандырылған тұлға арқылы Сақтандырушымен іскерлік қатынастар орнатылғанға

дейін ұсынылады, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында қылмыстық жолмен алынған кірістерді легализациялауға (дөрекі түрде айтқанда, ақшаны жылыстату) және терроризмге қаржылық қолдау көрсету мен жаппай қырып-жоятын қаруды таратуға қаржылық қолдау көрсетуге қарсы талаптарды орындау мақсатында жасалады.

24. Сақтандыру шартына қол қойғанға дейін облигацияларды ұстаушылардың өкілі клиенттің сауалнамасын және сақтандырушының тізбесіне сәйкес құжаттарды ұсынуы тиіс.

25. Сақтандыру шартын жасасу үшін сақтанушы проспектінің жобасын және сақтандыру тәуекелін сипаттайтын өзге де құжаттарды ұсынады. Сақтандыру шартын жасасқаннан және облигациялар шығарылымын және Проспектіні уәкілетті органда тіркегеннен кейін Сақтанушы міндетті түрде сақтандырушыға тіркеу белгісі бар проспектінің нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады. Проспектінің нотариат куәландырған көшірмесі берілмеген не осындай өзгерістердің сақтандырушымен келісімінсіз Проспектіге өзгерістер енгізілген жағдайда Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқығы бар.

26. Егер сақтанушы немесе облигация ұстаушылардың өкілі дұрыс емес құжаттарды/мәліметтерді берсе не сақтандырушы сақтандыру қорғанысын берген толық емес деректерді берсе, сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуға немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

27. Пайда алушының облигацияларды сатып алуы пайда алушының құқықтары мен міндеттері туралы тармақтарды қоса алғанда, сақтандыру шартының талаптарына келісімін білдіреді.

28. Облигацияларды орналастырғаннан кейін облигацияларды ұстаушылардың өкілімен келісілмеген сақтандыру шартының барлық өзгерістері жарамсыз деп есептеледі.

29. Сақтандыру шартында тараптардың атауы мен деректемелері, облигациялар шығарылымының халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды), сақтандыру сомасы, сақтандыру қорғау мерзімі, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, төлеу мерзімдері мен тәртібі, сөзсіз франшизаның мөлшері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген өзге де міндетті талаптар болуға тиіс.

30. Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда сақтандырушы сақтанушының/облигацияларды ұстаушылар өкілінің жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының телнұсқасын береді, одан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі.

31. Сақтанушы, Сақтандырушы және Пайда алушы арасындағы келісім бойынша осы Сақтандыру Қағидаларының негізінде және Сақтандырушының алқалы органының шешімі бойынша Сақтандыру қағидаларының жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін Сақтандыру шарттары, сондай-ақ Сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

32. Сақтандыру шарты Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап, ал оны бөліп - бөліп төлеген кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, бірінші Сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

33. Сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі (мерзімі) Сақтандыру шартында көрсетіледі.

34. Сақтандыру шарты Қағидалардың 15-тарауында көзделген жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады.

35. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) Сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

7-тарау. Сақтандыру сомасының мөлшерін айқындау тәртібі

36. Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы облигациялар шығарылымының барлық көлемінің номиналды құнына тең.

37. Барлық пайда алушыларға төленетін сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы жалпы сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы

38. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру сомасына қолданылатын және Сақтандырушы айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшасыз түрде төленуі тиіс.

39. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу жолымен сақтандыру сомасы өзгерген кезде түзетілуі мүмкін.

40. Егер сақтандыру жағдайы белгілі бір сақтандыру жарнасын төлегенге дейін басталса, сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының толық сомасын төлегеннен кейін ғана жүзеге асырады. Сақтандырушы төленбеген сақтандыру сыйлықақысының сомасын шегере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы.

41. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төлемеген жағдайда Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады, бұл туралы Сақтандырушы Сақтанушыға және Пайда алушыға хабарлайды.

9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

42. Сақтанушының мынадай құқықтары бар:

1) Сақтандырушыдан Сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

3) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен дау айтуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

43. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандырушыға облигацияларды орналастыруды растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсыну;

2) проспект талаптарының өзгеруін сақтандырушымен келісу;

3) сақтандыру тәуекелінің жай-күйі, Сақтандыру шарты жасалғанға дейін де, Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде де Сақтандыру жағдайының туындауына елеулі әсер етуі мүмкін оған белгілі мән-жайлар мен талаптар туралы Сақтандырушыны хабардар ету;

4) облигацияларды шығаруға және орналастыруға дейін барлық талап етілетін лицензиялар мен рұқсаттардың болуын қамтамасыз ету;

5) сақтандырушыға сақтандыру шартын жасау және іске асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсыну;

б) оның ішінде Сақтандырушының нұсқауларына сәйкес сақтандыру оқиғасының басталуын болдырмау және сақтандыру оқиғасы болған кезде залалдың мөлшерін азайту бойынша, сондай-ақ залалдың орнын толтыру бойынша барлық шараларды жүргізуге;

7) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлеуге;

8) Сақтандырушының жазбаша алдын ала келісімінсіз Сақтандыру шартының болу фактісін үшінші тұлғаларға ашпауға;

9) егер бұл өзгерістер мүліктік сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы сақтандырушыға дереу хабарлауға;

Қағидалардың 43-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес 10) тармақшамен толықтырылды

10) өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын көрсету кезінде қарсы міндеттемелерді анықтау және қолдану бойынша нормативтік-құқықтық актілерде көзделген қарсы міндеттемелерді орындау, растайтын құжаттарды ұсыну.

44. Сақтандырушының мынадай құқықтары бар:

1) коммерциялық құпия болып табылатын және Сақтандыру шартына тікелей қатысы жоқ мәліметтерден басқа, Сақтанушыдан және Пайда алушыдан Сақтандыру шартын жасасу және орындау үшін қажетті мәліметтерді ұсынуды талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік органдардан сақтандыру жағдайының басталу фактісін және шығын мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде Залал мөлшерін анықтау үшін тәуелсіз сарапшының немесе бағалаушының қызметтерін пайдалану;

4) пайда алушыдан немесе облигация ұстаушыларының өкілінен Сақтанушының дефолты туралы хабарлама алғаннан кейін шығынды азайту және борыштарды өндіріп алу жөніндегі іс-шараларға қатысу;

5) Қағидалардың 4-тарауында көзделген негіздер бойынша Пайда алушыға Сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тарту;

6) көрінеу жалған ақпарат берген немесе сақтанушыдан немесе үшінші тұлғадан облигацияларды өтеу есебіне алынған төлем туралы хабарламаған жағдайда пайда алушыдан сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға немесе төленген соманы талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы;

Қағидалардың 44-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес 8) және 9) тармақшаларымен толықтырылды

8) сақтандыру шартының шарттарын өзгерту немесе қатердің өсуіне сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ету, егер Сақтандырушы сақтандыру қатерін арттыратын жағдайлар туындағаны туралы хабарланған болса, Ережелердің 43-бабының 9) тармақшасына сәйкес. Егер Сақтандырушы сақтандыру шартының шарттарын өзгертуге немесе Сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқығы бар;

9) сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде, егер сақтандыру оқиғасы белгіленген сақтандыру төлемі төленбегенше туындаса, уақытылы төленбеген сақтандыру жарнасын есепке алу. Бұл жағдайда бірінші сақтандыру жарнасы толық көлемде және сақтандыру шартымен белгіленген мерзімде төленуі тиіс.

45. Сақтандырушы:

1) сақтанушыны, пайда алушыны және облигацияларды ұстаушылардың өкілін экспорттаушының облигациялар бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидаларымен таныстыру және олардың талап етуі бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсынуға (жіберу);

2) Сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға Сақтандыру шартында

белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде Сақтандыру төлемін жүргізуге;

3) сақтандыру төлемін жүргізу үшін төлем агентінің қызметтерін пайдалануға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті;

5) сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жұмсаған шығыстарды өтеу;

Қағидалардың 45-тармағының б) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

6) егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушыны немесе пайда алушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы алдыңғы құжатты алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде хабардар етуге міндетті.

46. Облигация ұстаушылар өкілінің мынадай құқығы бар:

1) сақтанушыдан және сақтандырушыдан сақтандыру шарттары туралы ақпаратты тегін алуға;

2) сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге;

3) сұрақтар бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына жүгінуге;

4) Сақтандыру жағдайын, оның ішінде өзінің сенімді тұлғасының қатысуымен тексеруге қатысуға;

5) уәкілетті мемлекеттік органда немесе сотта сақтандыру жағдайының басталуы мәселелері бойынша шешімдерге шағым жасауға құқылы.

47. Облигацияларды ұстаушылардың өкілі міндетті:

1) Қағидалардың 20-тармағына сәйкес Сақтанушының өтінішінде көрсетілген ақпарат расталған кезде сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі мәні бар барлық белгілі жағдайлар туралы хабарлауға;

2) сақтандыру шарттарын орындауға;

3) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы талдауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты ұсынуға;

4) Сақтандырушыны Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы хабардар етуге;

5) сақтандырушыға өз өкілеттігі шеңберінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін, ал кейіннен жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшерін суброгация тәртібімен өндіріп алу үшін қажетті құжаттардың барлық түпнұсқаларын беруге;

6) облигациялар бойынша берешекті өндіріп алу және реттеу бойынша барлық іс-әрекеттерді жазбаша түрде сақтандырушымен келісуге;

7) сақтанушыға облигациялар бойынша талап ету құқығының және облигацияларды уақтылы өтемегені үшін айыппұлдар, өсімақылар, тұрақсыздық айыбы проспектісінде көзделген сақтандырушыға өтуін тиісті түрде қамтамасыз етуге міндетті.

48. Пайда алушының құқығы бар:

1) сақтанушыдан және сақтандырушыдан сақтандыру шарттары туралы ақпаратты тегін алуға;

2) сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етуге;

3) сақтандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына жүгінуге;

4) Сақтандыру жағдайын, оның ішінде өзінің сенімді тұлғасының қатысуымен тексеруге қатысуға;

5) уәкілетті мемлекеттік органда немесе сотта сақтандыру жағдайының басталуы мәселелері бойынша шешімдерге шағым жасауға;

б) Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және талаптарда Сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.

49. Пайда алушы:

1) сақтандыру шарттарын орындауға;

2) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы талдауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты ұсынуға;

3) Сақтандырушыны Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы хабардар етуге;

4) сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін, ал кейіннен жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшерін суброгация тәртібімен өндіріп алу үшін қажетті құжаттардың барлық түпнұсқаларын беруге;

5) облигациялар бойынша берешекті өндіріп алу және реттеу бойынша барлық іс-әрекеттерді жазбаша түрде сақтандырушымен келісуге;

б) облигациялардың номиналды құнын және облигацияларды уақтылы өтемегені үшін айыппұлдарды, өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын алуға сақтанушыға талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін тиісті түрде қамтамасыз етуге міндетті.

50. Сақтандыру шартында тараптардың Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

10-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары

51. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде облигацияларды ұстаушылардың өкілі мен Сақтанушы, егер сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Проспектіге жоспарланған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті. Егер сақтандыру тәуекелі Проспектіге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде ұлғаятын болса, сақтандырушы сақтанушыдан қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап ете алады. Егер сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеумен келіспесе немесе сақтандырушы Проспектіге елеулі өзгеріс немесе толықтыру енгізу нәтижесінде туындайтын сақтандыру тәуекелдерінің ұлғаюынан бас тартса, Сақтандырушының төленген сақтандыру сыйлықақысының сомасынан ұстап қалу пайызын шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін төленген сақтандыру сыйлықақысын қайтара отырып, сақтандыру шартын бұзуға құқығы бар.

52. Егер облигацияларды ұстаушылардың өкілі және Сақтанушы Қағидалардың 51-тармағында көрсетілген тәртіппен Проспектіге енгізуге немесе толықтырулар енгізуге келіспесе, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

11-тарау. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтанушының іс-әрекеті

53. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу сақтанушыға және (немесе) пайда алушыға және (немесе) облигация ұстаушылардың өкіліне жүктеледі.

54. Егер сақтандыру шартында/сақтандырушының уәкілетті органының шешімінде өзгеше айтылмаса сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін және/немесе сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін ұлғайтатын оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы және (немесе) пайда алушы және (немесе) облигацияларды ұстаушылардың өкілі

1) ықтимал залалдарды болдырмау немесе азайту үшін барлық шараларды қабылдауы;

2) сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттар пакетін қалыптастыру

үшін барлық шараларды қабылдауға;

3) облигацияларды толық немесе ішінара өтеген сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде сақтандырушыны осы оқиға туралы хабардар етуге;

4) сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды, мәліметтерді ұсынуға;

5) Сақтандырушыға Залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізуге, шығынды азайту жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруі тиіс.

55.Сақтандырушы не оның өкілі Сақтанушының және (немесе) пайда алушының және (немесе) облигацияларды ұстаушылардың өкілінің сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға туралы хабарламасын күтпей, сақтандыру оқиғасын тексеруге кірісуге құқылы. Сақтанушы және (немесе) пайда алушы және (немесе) облигацияларды ұстаушылардың өкілі оған бұған кедергі жасауға құқылы емес.

56.Сақтанушы және (немесе) пайда алушы және (немесе) облигацияларды ұстаушылардың өкілі сақтандыру жағдайы жөніндегі барлық ақпаратты хабарлауға және сақтандырушыға қажетті көмек көрсетуге тиіс.

12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

Ереженің 57-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

57. Сақтандыру төлемін сақтандырушы облигацияларды ұстаушылар өкілінің және/немесе пайда алушының сақтандыру төлемі туралы өтініші негізінде жүргізеді.

58. *Ереженің 58-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

59. *Ереженің 59-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

60.Сақтандыру төлемін алу үшін пайда алушы және/немесе облигация ұстаушылардың өкілі мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) Сақтандырушының корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;

2) өтініш берушінің жеке куәлігі (егер өтініш беруші жеке тұлға болып табылса);

3) пайда алушының және/немесе облигацияларды ұстаушылар өкілінің мүдделерін білдіруге берілген сенімхат (қажет болған жағдайда);

4) облигацияларға меншікті растайтын құжаттар, оның ішінде хабарлама күніне пайда алушының жеке шотынан үзінді көшірме;

5) облигацияларды бұғаттауды растайтын құжаттар;

6) сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын мемлекеттік органдардың құжаттары мен нормативтік құқықтық актілерінің көшірмелері немесе сақтандыру оқиғасының басталу фактісін растайтын кез келген ресми және бейресми көздерден (бұқаралық ақпарат құралдарын қоса алғанда) алынған кез келген басқа ақпарат немесе куәлік;

7) келтірілген шығынның себебі мен мөлшерін растайтын өзге де құжаттар.

13-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

61.Пайда алушыдан және / немесе облигацияларды ұстаушылардың өкілінен сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынғаннан кейін сақтандырушы мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісі мен себептерін

анықтайды;

2) сақтандыру оқиғасының басталуы туралы оның өтінішінде келтірілген пайда алушының және/немесе облигацияларды ұстаушылар өкілінің мәліметтерінің шындыққа сәйкестігін тексереді;

3) сақтандыру объектісін сақтауда пайда алушының мүддесін тексереді;

4) сарапшыларды, бағалаушыларды тарту қажеттілігін анықтайды;

5) күту кезеңі ішінде пайда алушымен және облигация ұстаушыларының өкілімен бірлесе отырып немесе өз бетінше, егер мұндайлар мүмкін болса, залалды азайту бойынша шаралар қабылдайды;

Қағидалардың 61-тармағының б) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

б) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды.

Қағидалардың 62-тармағы Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы «28» ақпандағы № 03 шешіміне сәйкес редакцияда жазылды

62. Сақтандыру төлемін сақтандырушы Қағидалардың 12-тарауында көрсетілген пайда алушы ұсынған құжаттар негізінде сақтандыру шартында айқындалған күту кезеңі өткеннен кейін жүзеге асырады.

Сақтандыру төлемінің мөлшері мынадай тәртіппен есептеледі: сақтандыру төлемін сақтандырушы шартсыз франшизаны шегергенде (сақтандыру төлемі = сақтандыру сомасы шегіндегі залал - шартсыз франшиза) сақтандыру жағдайының туындауы нәтижесінде пайда алушы шеккен залал мөлшерінде сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырады.

63. Шартсыз франшиза мөлшерін сақтандырушы өзі немесе үшінші тұлғалар жүргізген сақтанушының облигациялар проспектісі мен қаржылық жай-күйінің шарттарына қаржылық және құқықтық талдау жасау негізінде айқындайды. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Шартсыз франшизаны ұстап қалу тәртібі Сақтандыру шартында айқындалады.

64. Залал мөлшері, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру оқиғасы туралы хабарлама берілген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облигациялар шығару валютасына ресми бағамы бойынша қазақстандық теңгемен айқындалады.

65. Пайда алушы сақтандырушымен облигациялар бойынша талап ету құқығын беру туралы шарт жасасуға тиіс.

66. Егер Пайда алушы сақтанушыдан немесе үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша өтем алған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін шеккен залал мөлшері мен пайда алушы алған өтем арасындағы айырма мөлшерінде шартсыз франшизаны ескере отырып жүзеге асырады.

67. Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін сақтанушыдан не үшінші тұлғалардан келтірілген залал бойынша төлемді немесе өтемді алған пайда алушы сақтандырушыға сақтандыру төлемінің алынған сомасын қайтаруға міндетті.

68. Тараптар арасында Залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда Тараптардың әрқайсысы тәуелсіз бағалау сараптамасын жүргізуді талап етуге құқылы. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі.

69. Сақтандырушы Пайда алушының ықтимал шығындарды азайту үшін оған орынды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

70. Егер пайда алушы Қағидалардың 12-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2026 жылғы «23» сәуірдегі № 06 шешіміне сәйкес Қағидалар 70-1-тармағымен толықтырылды

70–1. Сақтандырушы немесе Пайда алушы шығындарды алдын алу немесе зиянды азайту мақсатында көтерген жағдайда, егер бұл шығындар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, Сақтандырушы оларды өтеуге міндетті, тіпті сәйкес шаралар нәтиже бермесе де. Мұндай шығындар нақты мөлшерде

өтеледі, бірақ Сақтандыру бойынша төлем мен шығындарды өтемнің жалпы сомасы Сақтандыру шарты бойынша көзделген Сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар Сақтандырушының нұсқауларын Сақтандырушы немесе Пайда алушы орындағаны нәтижесінде туындаса, олар толық көлемде, Сақтандыру сомасына қарамастан өтеледі.

14-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

71. Күту кезеңі сақтандырушы пайда алушыдан және/немесе облигацияларды ұстаушылардың өкілінен сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы хабарлама алған сәттен бастап есептеледі, сақтандыру шартында көрсетіледі және 120 (бір жүз жиырма) күнтізбелік күннен аспауға тиіс.

72. Егер Сақтандырушы Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негіздейді. Шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларының өкіліне жіберумен.

73. Сақтандырушы шешім қабылдайды және күту кезеңі өткен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

74. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Пайда алушы сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

75. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауды, егер онда Сақтандыру жағдайын немесе залал мөлшерін растайтын құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін оның дәлелді күмәндары (құжатпен негізделген) болған жағдайда, мұндай құжаттардың түпнұсқалығы расталғанға дейін кейінге қалдыруға құқылы.

76. Кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемеген кезде сақтандырушы сақтанушыдан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

15-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

77. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өз әрекетін тоқтатады:

1) Сақтанушының облигацияларды өтеу бойынша пайда алушы алдындағы міндеттемелерін орындауы;

2) Сақтандыру шарты бойынша Пайда алушы алдындағы міндеттемелерін Сақтандырушының толық көлемде орындауы;

3) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;

4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда;

6) Тараптардың келісімі бойынша.

78. Тараптар Шарттың қалған қатысушылары келіскен жағдайда Шарт тараптарының жеке келісімін жасасу жолымен Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

79. Сақтандыру шарты мынадай жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) Сақтандыру объектісі жоқ болғанда;

2) Сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылды және Сақтандыру тәуекелінің болуы Сақтандыру жағдайынан өзге жағдайлар бойынша тоқтатылғанда;

3) сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

4) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімі өткен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру

жарнасын) төлемеуі;

5) заңнамада көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген мән-жайлар туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, бірақ 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама Сақтандыру шартын тоқтату фактісінің құжаттамалық растамасы болып табылады, ал Сақтандырушының Сақтандыру қолданылған уақытқа барабар Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқығы болады.

80. Осы Қағидалардың 79-тармағына сәйкес Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзғаны үшін төлем ретінде бұзылған күннен бастап Сақтандыру кезеңі аяқталған күнге дейінгі Сақтандыру кезеңіне барабар қайтаруға жататын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 20% - ын (жиырма пайызын) ұстап қалуға құқылы.

16-тарау. Суброгация

81. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға Пайда алушының сақтандыру нәтижесінде өтелген Залалдар үшін жауапты тұлғаға төленген сома шегінде талап ету құқығы ауысады.

82. Пайда алушы Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді кідіріссіз беруге және оған өзіне ауысқан Сақтандырушының талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

83. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша залалдарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтем Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушыға тиесілі болады. Пайда алушы осы өтемдер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға беруге міндетті.

84. Егер пайда алушы сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру пайда алушының кінәсінен мүмкін болмаса, сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан және артық төленген соманы қайтаруды талап ету құқығымен босатылады.

17-тарау. Қосымша шарттар

85. Тараптардың келісімі бойынша осы Қағидаларға сәйкес жасалатын сақтандыру шартына, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмесе, қосымша талаптар енгізілуі мүмкін.

18-тарау. Дауларды шешу тәртібі

86. Сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы мен Сақтанушы және (немесе) пайда алушы арасында туындайтын дауларды олар келіссөздер арқылы қарайды.

87. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

Келісу парағы

Жоба бойынша: «Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі» акционерлік қоғамының Облигациялар бойынша экспорттаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары

Әзірлеуші: Сақтандыру және кепілдік департаменті

ІНҚ иесі: Сақтандыру және кепілдік департаменті

Лауазымның атауы	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қолы	Қол қойылған күні
Басқарма Төрағасының Орынбасары	Мукажанов Қуаныш Амангельдиевич		
Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің директоры	Нурмухамбетов Серик Кайдарович		
Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры	Шабарбаева Лейла Галымжановна		
Комплаенс-қызметінің басшысы	Жакаева Асель Сейтжановна		
Андеррайтинг департаментінің директоры	Қуанбаев Эльдар Болатканович		
Талдау және жобалық басқару департаментінің директоры	Камбаров Тасболат Мырзабекович		

Сақтандыру және кепілдік департаментінің директоры _____ Нуранов Д.А.